



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

болғанын анықтай алатынымызды атап көрсетеді.атап көрсетеді. Ойшыл жыланның қай мифтік дәстүрде болмасын аса маңызды орынға ие екенін, біреуінде жағымды, біреуінде жағымсыз, зұлымдық символы болғаны тек діни ілімдердің жыланға деген көзқарасынан туындаған бағамдар екенін, оның символдық мәні барлық мифтік дәстүрде: құпия танымның, эзотериялық білімнің, даналықтың, жасампаздық пен мәңгі тірліктің, жасарудың символы екенін айтады. «Арғықазақтағы жылан тотемінің болуының басты көрсеткіші-архаикалық ертегілер мен сенім-нанымдар комплексіндегі жыланға деген ерекше көзқарастың сарқыншағының молдығымен қатар, «Жылан-баба» (Жылан-бабахан, Жылан-Бапыхан, Шахимардан, Мар-ата, Мардан, т. б.) есімі мен тұрпатының болуы. Яғни қазақ фольклоры «Бөрі баба», «Құс-баба», «Балық-баба», т. б. «бабалардың» есімдерін емес, нақты, тек қана «Жылан бабаның» есімін сақтап отыр». Әр қарай ойшыл жыланға қатысты: жылан-рудың рух-қамқоршысы, жылан өлілер дүниесінің қожайыны (иесі, күзетшісі), жыланның жер асты қазынасының иесі-күзетшісі, жылан-билік иесі сияқты түсініктердің барлығы әйелге, Ұлы Бабаға тән қасиеттер екенін қазақ ертегілеріне («Жылан қабықты жігіт», «Қара жылан мен ақ жылан», «Шаямардан» «Ер төстік» т. б.) талдау жасай отырып дәлелдейді. Бұның бәрі бір кезде б. з. д. 6-3 мың жылдықтарда, матриархат дәуірінде болған жылан культінің біздің архетиптік жадымызда қалған сарқыншақтары екенін көрсетеді. Бұдан әрі «айдаһардың» дей-түркілік мифтік тұрпат екенін, лингвистикалық талдау жасау арқылы былай деп тұжырымдайды: «Айдаһар (аждаһа) сөзінің дей-түркілік этимологиясы: мұндағы «ажи» сөзі «жылан баба, әже» дегенді білдірсе, «дах» сөзі (tang праформасынан өрбіген) «бастапқы тіршілік көзі, тіршілік иесі, тірі пенде» немесе «тіршілік, өмір беруші» дегенді білдіреді, яғни Айдаһар- «Барлық жанды жаратушы, тудырушы баба, әже», «жылан баба» дегенді білдіретін сөз. Бұл тұрғыдан қарағанда, дей-түркілік «Айдаһар» (Аждаһа, Ажи-Даһ, Ажи-дан) тіршілік жаратушы, тәңіриелер мен адамдардың, жалпы тірі мақлұқтардың арғы, түпкі бабасы, «Ұлы Ана» категориясына кіретін мифтік тұрпат [4].

Жылан символы түркі мифологиясында ғана емес, ауқымы терең тараған символ болып табылады. Әртүрлі мифтік дәстүрлерде, дінде кездесетін жылан символы маңызды орынға ие.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 бет.
2. Мифология: құрылымы мен рәміздері. "Әлемдік мәдениеттану ой-санасы". Он томдық. 2-том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 бет.
3. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 488 бет.
4. Адаева Г.А. Қазақ дәстүрлі дүниетанымы: гендерлік қырлары. Астана, 2013. – 142 б.

УДК 211.2

ДИНДАРЛЫҚ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Оспан Гүлмира Фархатқызы

gulya5991@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Дінтану мамандығы

1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – К.А.Сағатбековна

Адамдардың дінге деген ара қатынасы, жаратылыстан тыс әлемге сену деңгейі діндарлық немесе діншілдік ұғымымен сипатталады. Дін объективті сипатқа ие болса, діншілдік субъектінің ерекшелігі болып табылады. Ол индивид, тұлға, топ, ұжым, ұлт, адамзат ретінде қарастырылатын субъектіге тән. Сондықтан қоғамдағы діндарлық түсінігінің

эртүрлі қалыптасуы да бір қарағанда заңдылық болып саналады. Осы эртүрлі көзқарастар мен нанымдарды біріктіретін, олардың сенім еркіндігін қалыптастыратын жүйе бұл – зайырлылық. Қазіргі қоғамның өзінде зайырлылық ұғымы түрліше сипатқа ие. Бұл түсінік негізгі батыстағы секуляризация түсінігінен шыққандай. Себебі қазіргі қоғамның құқықтық бастамасын Батыс көзқарасындағы құқықтық жүйелер құрайды.

Секуляризация дегеніміз (лат.тілінде азаматтық, зайырлы) деген мағынаны білдіреді. Секуляризацияны нақтырақ қарастырсақ, ондай процесс: қоғам мен діннің ара қатынасының өзгеруі, қоғамның, жеке адамдардың дін ықпалынан арылуы, дін меншігінің мемлекет меншігіне ауысуы, дін және кейбір қоғамдар, мүліктерінің олардан бөлінуі сияқты мағыналарды береді. Ал бұл қайшылықтарды былай жүйелеуге болады: қатаң (радикалды) діншіл үшін зайырлылық ол-дінсіздік. Олай болатыны, сол діншілдердің пікірінше барлық нәрсе тек діни қағидаларға негізделуі тиіс. Дінге негізделмеген жүйе де дінсіз жүйе болып саналады. Сондықтан олар үшін зайырлылықты түсінуге талпыныс жасау ол орынсыз талпыныс. Екінші жақта дінге немқұрайлы, өзбетінше өмір сүрігісі келетін топ үшін де зайырлылық дегеніміз дінсіздік. Өйткені, олар өздерінің дінсіз әрекеттерін зайырлылыққа сілтейді. Олай болса үшінші топ үшін ғана зайырлылық маңыздылыққа ие. Бұлар дінге де немқұрайлы қарай алмайды, қоғамдық қатынастарды да келісіммен шешкенді жөн санайтындар. Олар үшін діндарлық пен зайырлылық онша қайшылық емес. Елімізде де зайырлылық осы деңгейі қалыптасып келеді деуге негіз бар.

Діндарлық – ең алдымен адамдардың тобы немесе жеке адамның әлемге деген діни көзқарасының, психологиясының, тәртібінің, өмір сүру салтының белгісі. Ол құбылыстарды, оқиғаларды, қарым-қатынастарды сенім тұрғысынан қабылдау және бағалауда көрінеді. Сондай-ақ, тікелей діни мәтіндер болмаса да діннің мазмұнына сай тәрбиелік бағытта жазылған өлеңдеріне діндарлықтың сыртта емес жан дүниенің кемелдігінде болатындығы баса айтылады. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларында:

Сыртыңды сыланасын сән беріп,
Ішіңнің түзетпейсің хатасын.
Айла мен алдағанды жөн көріп,
Адамды аң орына атасың.
Жалғанның бір пайдасың көргенде,
Арланбай арыңды да сатасың.
Алланың ақ өлімі келгенде,
Амалсыз қара тастай қатасың.[1]

Немесе Қожа Ахмет Ясауидің:

Қожа Ахмед, нәпсі мешкей түк тоймайды,
Жер көкті түгел жұтсын жұқ болмайды.
Топырақ құшса ғана бітті ол қайғы,

Бейнәпсі қор қызымен жасар, достар [2],- деген өлеңдерінде адамның ішкі кемелдігінің маңыздылығы баса көрсетіледі деуге болады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы Құрандағы аяттар мен пайғамбар хадистерінің мазмұнымен астасып жатыр. Мысалы; жоғарыдағы «нәпсі» жайында айтылған ойлар Жүсіп сүресінің 53-аятының мағынасы деуге болады. Бұл аят мәтінінде: «Мен нәпсімді ақтамаймын; өйткені нәпсі әрдайым жаманшылықты бұйырады...» - делінеді немесе Мұхаммед пайғамбар бір хадисінде: «Сенің ең зарарлы дұшпаның – нәпсің»- дейді. Егер осы мәселені жаңғыртып, дәстүрлі діндарлық ұстанымын дәріптелсе, қазіргі дін саласында болып жатқан көптеген қайшылықтар мен түсініспеушіліктер өз шешімін табары анық.

Еліміздегі мемлекет пен дін қатынастарын реттеуде, дін мамандарын даярлауда дүниетанымымызға жақын, дәстүрлі ұстанымдағы бауырлас Түркия елінің тәжірибесін Қазақстан үшін де пайдаланған тиімді, себебі оларда діндарлықты анықтау мәселесі 1960 жылдардан бастау алады. Түркияның діни өмірі жөніндегі алғашқы зерттеулерді Мехмет Топламжыоғлы жасаған. Топламжыоғлы «Yaşlara göre dini yaşayışın şiddet ve kesafeti üzerine

big anket («Жас ерекшеліктеріне байланысты діншілдік деңгейі және қауіпіне байланысты сауалнама») атты мақаласында Түркияны Орта Анадолы, Қара теңіз жағалауы, Шығыс аймақтары және Ван көлі жағалаулары, Эгей аймақтары, Оңтүстік Анадолы мен Анталия өңірлері деп бірнеше аймақтарға бөліп, сауалнама жұмысын жүргізген. Топламжыюғлы бұл зерттеуінде халықты діндарлығына қарай бес түрлі топқа бөлген:

1. Намаз оқып, ораза ұстамағанмен, ара-тұра жаназа намазына қатысатын адамдар.

2. Айналасындағы адамдарға қарап діни іс-әрекет жасайтындар. Мысалы, достары намазға барса, бұл топтағылар да бірге барады. Отбасы ораза ұстаса, бұлар да қосылып ұстайды.

3. Намаздарын оқып, оразаларын ұстап, діни салт-жораларды орындайтын топ. Бұлар күнделікті тіршіліктерімен қоса, қоғамда жақсы істер жасап, барынша шыншыл болуға тырысады.

4. Дүниелік жауапкершіліктерін сезініп, діннің де үкім-тыйымдарына құрмет көрсететіндер. Бұл топтағылардың көпшілігі – қарт кісілер. Парыз бен сүннет амалдарынан басқа, адамға сауабы тиетін қосымша ораза мен жақсы іс-әрекеттерді де орындайды. Күнделікті өмірлерінің көпшілігін құлшылықпен өткізіп, өзгелерге зияндарын тигізбейді. Діндегі жаңалықтарға қарсы шығуға, оларға тыйым салу секілді әрекеттерге де араласпайды.

5. Ислам дінін теріс түсінетіндер. Бұл топтағылармен сұхбаттассаң, олардың қоғам мен дінге қаншалықты қауіпті екені байқалады. Олардың көзқарасы бойынша, оңға, солға қарау – күнә, музыка тыңдау – харам, футбол секілді жаңалықтар – кәпірлердің ойдан шығарған нәрселері. Демек, олардың заңдары бойынша, қоғамдағы бүкіл адамды түгел жазалау керек. Бұл топтағылар көпшіліктен күмәнданып, дін мен иманның дүниеден жоқ болып бара жатқанына сенеді [3].

Бұл жіктеу біздің еліміз үшін де маңызы зор. Елімізде діни білім беру мен діни ағартушылықтың тәуелсіздіктен кейін жандануы, діни білім беру көздерінің әр алуандығы, діни білім беру ісінің әлсіздігі, діни бірлестіктер мен ұйымдар санатындағы діндарлар деңгейінің төмендігі, рухани идеологияның босандығын пайдаланған діни топтар мен ұйымдардың белсенділігі т.б. факторлар адами, отбасылық және конфессияаралық, дін мен мемлекеттік мекемелер арасындағы қайшылықтың күрделенуіне жол ашуда.

Түрік еліндегі діндарлықтың өлшемі туралы тағы бір еңбек – Үнвер Гүнайдың зерттеулері. Ол діндарлықты келесідей түрлерге жіктейді:

1. Дәстүрлі халық діндарлығы. Бұнда Құран мен сүннетпен қоса ислам ғұламалары мән берген тарихи мәселелер, сопылық танымдар, ескі діни мәдениетке сүйеніп, халық арасында сақталған діни сенімдер де кездеседі.

2. «Діни мифтік аңыздар» мен жалған сенімдерден аулақ, дәстүрлі халық діндарлығы аясында белгілі бір діни мәдениетке негізделген діндарлық. Дін көшбасшылары мен ғалымдар ұйымдастыратын мұндай діндарлықтың кейбіреуі жамағат ретінде қалыптасып та үлгерген.

3. «Зайырлы діндарлық». Діндарлықтың бұл түрі діннің құдай мен пенде арасында ғана болып, діннің мемлекет істеріне араласпауын қалайды.

Жалпы алғанда, белгілі бір деңгейде мұндай тетіктер біздің елімізде де жоқ емес. Осы орайда, қазір еліміздегі діндарлық ұстанымдарын 4 топқа бөлуге болады:

1. Дәстүрлі отбасылық құндылықтарға басымдық беріп, дін мен діни салт-жораларды атадан-балаға берілетін сабақтастық ретінде бағалайтындар. Бұндай отбасыларда көбінесе рухани-тәрбиелік, дәстүрлілік қағидаттары сақталатындықтан, теріс ағымдағылардың әрекеттеріне қызығушылық танытпайды, қайта оларға кереғар пікірде болады.

2. ҚМДБ-ға қарасты білім беру мекемелерінде білім алып, мешіт төңірегінде көзқарас қалыптастырғандар. Бұлар отбасы құндылығын діни білімімен ұштастырғандар немесе діни білімді дәстүрлі мазхаб бойынша жаңадан үйренгендер мен үйренушілер, ара-тұра «радикалды дінге жанашырлық» білдіргенімен, жалпылама байсалды көзқарасты ұстанады.

3. Діни сауатын әр қилы жамағаттардан, шетелдік ұйымдар мен жекелеген азаматтардан ашқандар. Бұлар дәстүрлі де, дәстүрлі емес те топтар немесе жамағат болуы

мүмкін. Діни ұйымдарға, мемлекетке, басқа да бейтарап ұстанымдағы азаматтарға қарсы дінсіз, имансыз, бидғатшыл, адасқан, т.б. ұғымдарды қолдану осы топтарғылардың ішінен жиі кездеседі.

4. Дінге селқос қарайтындар немесе қазірге дейін діни бағдар қалыптастыруды ойламағандар. Бұл топтағылар 2-3 топтағылардың қатарын көбейтіп отырады[4].

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы оныншы қара сөзінде дінге қатысты пікірін былай білдірген: «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды дейді» [5]. Бұл мәселеге қатысты ислам дінінің қасиетті кітабы Құранда былай дейді: «Олардың көпшілігі ғылымсыздықтан құмарлықпен және әуестікпен (халықты) тура жолдан тайдырып адастырады» (Әнғам, 119) [6]. Сондықтан бүгінгі күнде шектен шыққан діндарлық пен діни фанатизмнен туындаған зардаптар, келеңсіз оқиғалардың барлығы сол дінге ғылымсыз, парасатсыз келгендіктен, діни сауатсыздықтан болып отырғаны анық. Өйткені, қазіргі қоғам мүшелері дінді тек біржақты ғана қолданады немесе түсінеді. Оның ғылыми мәнін, тәрбие құралы ретіндегі орнын парасаттылықпен қабылдауға, қабылдануға азаматтардың да, діндарлардың да, дін мамандарының да өресі жетпей тұр. Бұл, әсіресе, радикалды көзқарастағы діншілдерде анық байқалады. Жалпы ислам әлемінің құлдырауының немесе артта қалуының астарында діннің қабығына ғана жармасу қателігі тұр десек қателеспейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы, «Жазушы». 1988. – 113 б.
2. Қожа Ахмед Йасауи. Хикмет жинақ. – Алматы, «Жалын». 1998. – 107 б.
3. Мехмет Топламжыюғлы. Яшлара гөре дини яшайышын шиддет ве кесафети үзерине бир анкет денемеси. – Анкара, 1962. – 145 б.
4. К.Тышқан. Қазақстандағы діндарлық көрінісі және оның қалыптасу жолдары. – Астана, 2017 – 11 б.
5. Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы, 2007. – 160 б.
6. Порохова В. Коран. – Дамаск, 2005. – с. 754.

УДК 130.2

ОРИЕНТАЛИЗМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Оянған Бердібек

beka1986@inbox.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Дінтану мамандығы

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Тышхан К.

Ориентализм – Шығыс деп аталған Азия және ішінара Африка (негізінен Солтүстік Африка) елдерінің тарихын, экономикасын, тілдерін, діндерін, әдебиетін, этнологиясын, өнерін, философиясын, мәдениетінің материалдық және рухани ескерткіштерін кешенді түрде зерттеуге бағытталған батыстық зерттеуші немесе батыстық зерттеу орталықтарына берілген ортақ есім. Ориентализм сөзі латын тілінде күннің шығатын жері мағынасындағы «*oriens*» сөзінен алынған.

Ориентализм термині батыста XVIII ғасырда термин болып қалыптасқанымен шығыс жөніндегі алғашқы деректер ежелгі грек авторларының еңбектерінде де келтірілген. Ориентализм терминін тар мағынада алып қарасақ тек Ислам, Мұсылмандар жайлы зерттеу жүргізушілерге тән термин. Мұсылман емес бірақта, Ислам дінінің қайнар көздерін зерттейтін адамға да ориенталист делінеді. Ориентализмның Исламмен байланысты даму